



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

Қорыта келсек, болашақта бұл мәселе әлі де тереңірек қарастыруды қажет етіп отыр және студенттерге әсер етуші түрлі әлеуметтік жағдайдағы тілдік қарым-қатынастарды талдау да қажет деп есептейміз.

Қолданылған әдебиет

1. Хасанулы Б. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихолингвистические аспекты). Алматы: Арда, 2007.
2. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. - Алма-Ата: Ғылым, 1980.
3. Белянин В.П. Психолингвистика. М.: МПСИ, 2003.

ӘОЖ 811.512.122'373.611

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ –УЫЛ, -УІЛ ЖҰРНАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Мұратбек Фариза

fariza_kz94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «В3-11700-05 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының ІІІ курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., доцент С.С. Шоқабаева

Бүгінгі таңда қазіргі қазақ тіліндегі -уыл, -уіл жұрнақтарының қолданыс аясы кеңіп,сөзжасамдық жұрнақтар қызметінің өнімді-өнімсіздігін анықтаудың өлшем межелеріне сай сөзжасамға белсенді қатысып, өнімділігі артқан. -уыл, -уіл жұрнағы көне, архаизм сөздердің құрамында сақталған және қазіргі қазақ тілінде оның қатысуымен жасалған жаңа сөздердің қатары өсіп келеді. Тілімізде ол арқылы жасалған туынды зат есімдер мыналар: қарауыл, ереуіл, тосқауыл, шабуыл, жасауыл, бағауыл, бөгеуіл, тоқтауыл, кезуіл, бекеуіл, шығауыл, жортуыл, айдауыл, торуыл т.с.с.

Ғалым А.Есенқұлов -уыл, -уіл жұрнағына қатысты:«субъект мағынасымен қатар, қазіргі түркі тілдерінде процесс иесін, құстардың атауын білдіреді: башқұрт тілінде қарауыл, бағауыл (түбірі – бак); азербайжан тілінде гаровул, йасавул, гырғывул; қырғыз тілінде гаровул, кыргоол; якут тілінде харабыл; қазақ тілінде қарауыл, қырғауыл, жасауыл; монғолша яса (бұйрық)» деп жазады [1, 104]. Бұдан -уыл, -уіл жұрнағының тек қана әскери терминдер жасаумен шектелмей, басқа да ұғым атауларын жасайтынын байқаймыз.

Аталмыш жұрнаққа арнайы тоқталуды мақсат еткен себебіміз, ол арқылы жасалған туынды сөздердің ішінде жасалу жолын, мағынасын, шығу тегін анықтауды керек ететіндері бар. Мысалы, ереуіл, ертауыл, жасауыл, шапауыл сөздерін алайық.

Әскери терминдер мен атауларды зерттеуші ғалым Т.Байжанов ереуіл сөзіне қатысты былай деп жазады: «Ертеде дұшпанның әскерімен бетпе-бет кездесіп, ұрыс салатын әскердің алдыңғы тобын (авангард) – ереуіл деп атаған. Ақсақ Темірдің әскерінде һереуіл-шапауыл, һерегул-шығауыл, һереуіл-барунғар, һереуіл-жауанғар күрделі әскери терминдері қолданылған [2, 77].

Академик Ә.Қайдаров ереуіл сөзінің құрамын былайша талдайды: «ереуіл<ер+еу+іл боевой настрой, протестующее действие; неол. демонстрация; ереуіл ат боевой конь» [3, 207]. Егер ереуіл сөзінің құрамы ер+еу+іл сияқты үш компоненттен құралған болса, онда мұндағы ереу сөзі қандай мағына білдіреді деген сұрақ туындайды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ереу сөзі үстеу ретінде мынадай мағынада анықталады: «Ереу үст. Жер. Бет алды, лағып, өз бетінше. Әлі де баяғысынша. Көші-қондыны еркектер біледі деп ереу жайылып жүр (Ғ.Мүсірепов, Өмір жорығы)» [4, 54]. Ал ереуіл сөзінің зат есім ретінде екі мағынасы көрсетіледі: «1. Ереуіл зат. тар. Пролетариаттың өзінің экономикалық және саяси мүддесі үшін таптық күресінің негізгі түрінің бірі. 2. Жаппай бас көтеріс, жаппай қозғалыс, аттаныс, дүрлігушілік.

Ереуіл сын. Ұзақ жортуға шыдамды берік, мықты. Ереуіл атқа да ер салатын күн

туды, – деді күйіне дауыстап (І.Есенберлин, Қаһар)» [4, 3, 395-396].

Тілімізде ереуіл ат деген сөзден басқа ереулі ат сөзі де бар. Мұндағы ереулі ат сөзінің мағынасы жайылымда, жайлауда еркін, бос жүрген атты білдірген. Бұған қоса, ереулі сөзінің жасалу жолы да бөлек. Ол бос, еркін мағынасындағы ереу деген үстеуге сын есімнің -лі жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Ал ереуіл сөзі, біздіңше, ереу сөзіне -іл жұрнағы жалғану арқылы жасалып тұр.

Т.Байжанов қазақ тілінде ереуіл сөзімен қатар, ертауыл, ертәуіл сөздерінің де бар екендігін жазады. Оның мағынасы – «алдыңғы барлаушы отряд». Бұл сөз ертауыл жасақ, ертауыл мыңдық тәрізді тіркестердің де құрамында кездеседі. Ғалым осы пікірін тарихи көркем шығармалардан алынған мысалдармен дәлелдейді. Мысалы: Жау турасында жаңа дерек алған сайын ертуылға жаңа хабаршы жіберіп отырады. Әйтсе де ертауыл шығармаған (М.Мағауин) [2, 77].

Осы сияқты көпке белгісіз, қалтарыста қалған, -ауыл жұрнағы арқылы жасалған сөздердің бірі – шапауыл, оның мағынасы шабуыл сөзімен бірдей емес, ол – өз алдына бөлек сөз. Бұл сөзді қазіргі қазақ тіліндегі ешбір сөздіктен кездестірмедік. Ол туралы мәлімет тек Т.Байжановтың еңбегінен табылды. Онда шапауыл сөзіне қатысты былай деп жазылған: «Ақсақ Темірдің армиясында оң қанаттағы әскердің алдына қойылған үш кейде алты топтан құрылған тосыннан басып кіретін, кенеттен шабуылдаушы әскердің бір бөлігін шапауыл деп атаған. Шапауылдың құрамында алты мыңға жуық сарбаздар болған. Бұл әскери құрамның әскербасысы шапауыл әмірі деп аталған» [2, 78].

Сондай-ақ, -уыл, -уіл жұрнақтарының қатысуымен жасалған туындылардың ішінде кезуіл туынды зат есімі жеке жазушының тіл ерекшелігімен, стиль даралығымен ғана байланысты құбылыс екені «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде» жазылған [5, 193]. Мысалы: Атасы қол бастаған Мамай батыр, өмірі *кезуілдетіккен* шатыр (Е.Бердин).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде -ауыл жұрнағы арқылы жасалған шығауыл сөзі бар. «Шығауыл зат. Белгілі бір істің, әрекеттің алдыңғы қатарында (шебінде) жүретін адам; авангард» [4; 10, 312].

Башқұрт тіліндегі есім сөздердің сөзжасамын зерттеген Т.Гарипов сол тілде бағауыл, есаул, караул сөздерінің құрамында кездесетін -ыл жұрнағын монғол тілінен енген деп есептейді. Орыс тіліндегі ясаул сөзін монғол тілінен енген сөз, монғол тілінде яса «бұйрық» деген мағынаны білдіретінін жазады [6, 107]. Яса сөзінің монғолша бұйрық деген мағынаны білдіретіндігін жоғарыда аталған еңбегінде А.Есенқұлов та жазады. Ал қазақ тіліндегі жасауыл сөзінің мағынасы – әскербасының карамағындағы бұйрықты орындаушы адам.

Ғалым А.Ысқақов -уыл, -уіл жұрнақтарының етістікке жалғанып, әртүрлі заттық ұғым атауларын жасайтынын айта келе, қарауыл, жортуыл сияқты сөздермен бір лексика-семантикалық топта қарастырылып жүрген сырғауыл, шыңдауыл, кешеуіл, ереуіл тәрізді сөздерді «аналогия заңы бойынша қалыптасқан я олардан өзгеріп көнеленген сөздер сияқты» деген ғылыми болжамды алға тартады [7, 157].

-ауыл, -еуіл жұрнағына қатысты ғалымдар арасында осындай әртүрлі пікірлердің болуы оған қатысты мәселенің толық шешілмегенін көрсетеді.

Ғалым С.Мырзабеков, А.Ысқақовтың пікірлері орынды айтылған деп ойлаймыз. Бұл сөздердің жасалуындағы ерекшелік, яғни жұрнақтардың түбірге жалғану реті және олар арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы жұрнақтардың құрамында айырмашылық бар. Бұл жұрнақтардың фонетикалық вариант па әлде аналогия заңы бойынша туынды сөздер жасаған өз алдына жеке бір жұрнақ па деген мәселе анықтауды қажет етеді. Ол үшін біз бұл жұрнақтар арқылы жасалған барлық туынды сөздерді екі түрлі моделге салып талдау жасауды мақсат еттік. Бірінші модель: етістік+-уыл, -уіл жұрнағы. Екінші модель: негіз сөз+-ауыл, -еуіл жұрнағы.

Бірінші модель арқылы жасалған туынды сөздерге қарауыл, тосқауыл, шабуыл, тоқтауыл сияқты туынды сөздерді жатқызуға болады, өйткені олар етістікке ғана жалғанады.

Ал -ауыл, -еуіл жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздерге мұндай сипат тән емес. Өйткені бұлар -уыл, -уіл жұрнағымен ешқандай генетикалық байланысы жоқ, тек сырт

тұлғасы ғана ұқсас, өз алдына жеке бір жұрнақ сияқты. Аталмыш жұрнақтарды екі бөлек құбылыс деп қарастыруға мына фактілер себеп болды: Біріншіден, -ауыл, -еуіл жұрнағын құранды форма деуден гөрі жалаң жұрнақ деп тану ғылыми тұжырымға біртабан жақын. Тілімізде сырығау, қырғау, бақау, ереу, шығау деген сияқты туынды сөздер жоқ және олар осы қалпында тұрғанда ешқандай мағына да бермейді, дербес қолданылмайды. Сондықтан, -ауыл, -еуіл – -уыл, -уіл жұрнағының фонетикалық варианты емес, өз алдына бөлек, жалаң сөзжасамдық жұрнақ. Ал -уыл, -уіл жұрнағын сөзжасамдық қызметі өнімді жұрнақ деп тануға болатын сияқты, өйткені қазіргі таңда бұл жұрнақтың қатысуымен жасалған жаңа сөз, терминдердің қатары көбейіп келеді.

Қорытындылап айтқанда, -уыл, -уіл, -ауыл, -еуіл жұрнақтарының құрамы мен қызметі әлі де толық зерттеуді қажет етеді.

Қолданылған әдебиет

1. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 240 б.
2. Байжанов Т. Әскери құрамалардың атаулары // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994. – №1. – 76-79 б.
3. Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986. – 10 т.
5. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
6. Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразование: автореф. ... канд. филол. наук. – Уфа, 1959. – 223 с.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

ӘӨЖ:82-1

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ АСПАН ДЕНЕЛЕРІ (КОСМОНИМДЕР) АТАУЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ КЕҢІСТІГІ

Наби Али

ganna_tgg@mail.ru

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Филология:қазақ тілі» мамандығы бойынша оқитын II
курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Г.Г.Тұрғаналиева

Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішінде сөздік құрамы жағынан тек бай тіл ғана емес, қолдану жағынан да көп салалы, көркем, бейнелі тіл. Мұны тіліміздегі космонимдерден анық байқауға болады. *Космонимдер* дегеніміз, ғарыш кеңістігі, галактика, жұлдыздар жүйесін немесе оның бөлшектерін, жұлдыздар шоғырының атауларынан тұратын жалқы есімдердің бір түрі.

Ю.А.Карпенконың бақылауы бойынша, аспан денелерінің атауларын зерттеу оларды **көне** (телескопты тапқанға дейін) және **халықтық** және **ғылыми** (кодификацияланған және астрономиялық термин ретінде болып қалыптасқан) деп бөлуге болады.

Құралсыз көрінетін ғарыш объектілерінің атауы халықтық болып саналады. Адамдардың қоршаған орта болмысы арқылы уақыт пен кеңістікті анықтау кезінде, яғни көне заманда халықтық атаулар қалыптасқан. Аспан денелері осы тұрғыдан қолданылып, көне адамның көзқарасына сай атауға ие болған. В.А. Никоновтың айтуы бойынша, «аңмен айналысатын ру жұлдыз шоғырына *Мерген*, мал өсірушілер аспанға жылқы табынын қаптатып жіберген. Аспанға шана, астау, ескі аяқ киім де ауысқан», яғни атаулар өмір сүру салтына сай тағылған. Аспан денелерінің халықтық атаулары, ең алдымен, адамның әлемге деген көзқарасымен астасып жатыр. Көбіне атаулар метафора тәсілі арқылы, адамға түсінікті